



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

21 қаңтар
сәрсенбі
№5 (2217)
2026 жыл

апталығы

ҚАЗАҚСТАН ӘДІЛЕТТІҢ, ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІҢ МЕКЕНІ, ЕҢБЕКҚОР АДАМДАРДЫҢ ЕЛІ БОЛУҒА ТИІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі

Құрметті қауым!

Жаңа ғана сөз сөйлеген Құрылтай мүшелері маңызды ой-пікірлер айтты. Құрылтайдың аясында пайдалы пікір алмасулар болды. Барлығы еліміздің дамуына қажетті боларына сенемін.

Бүгін Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл форумның алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы – Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал былтыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналды. Енді міне, қастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр – Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды. Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең канат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі.

Сыр бойы – нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күрішші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді. Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның ішінде жаңа жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы көгілдір отынды пайдаланады. Елді-мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді. Аймақтағы автокөлік жолының сапасы жалпы жақсы жағдайда деуге болады. Облыстың әуе және темір жол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі – темір жол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса, аймақтағы 10 темір жол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі.

Қазір Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынды. Бұған қоса, 40 медицина



нысаны ашылды. Менің тапсырмаммен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Көп ұзамай 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салынады. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жалпы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады. Бұл – әкім Нұрлыбек Нәлібаевтың белсенді, табанды жұмысының нәтижесі.

Өткен ғасырдың ортасында адамзат баласы алғаш рет Байқоңырдан ғарышқа аттанғаны – бүкіл әлемде белгілі дерек. Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи өлке жаңа дәуірде де ойдағыдай дамуда. Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару – барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктегу шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік

болады. Бірақ бұл тек біздің қолымызда тұрған мәселе емес. Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет.

Су – еліміз үшін стратегиялық ресурс. Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен былтыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына

келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз.

Бүгінгі басқосуға Сыр елінің азаматтары қатысып отыр. Олардың ішінде ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, кәсіпкерлер және жастар бар. Осы орайда, жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи Илиясов, Таң ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүремін. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер.

Біз бір ел, бір халық болып жұмыла білгеннің арқасында өткен жылды мол табыспен аяқтадық. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Еліміздің ішкі жалпы өнімі 300 миллиард доллардан асты, ал жан басына шаққандағы үлесі тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет 15 мың доллар болды. Бұл – бүкіл Орталық Азия аймағы бойынша рекордтық көрсеткіш. Ұлттық қордың валюталық активтері 5 миллиард долларға ұлғайды. Алтын-валюта қорымыз ең жоғары деңгейге жетіп, 65 миллиард доллардан асты. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Халық саны 20,5 миллионға жуықтады. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті. Ең бастысы, қоғам өзгерді, реформаларымыз тұрақты сипатқа ие болды, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс жасалды. Осы ретте, Ұлттық құрылтай айрықша рөл атқарғаны сөзсіз. Төрт жылда Құрылтай мүшелері ел өміріне ықпал ететін көптеген маңызды бастама көтерді. Ұлттық құрылтайда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданды. Осының өзі Құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болғанын айқын көрсетеді.

Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашакорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жаңадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. Бұдан бөлек, біз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын басты құндылықтарымызды айқындап алдық. Ұрпақтың болашағына зиянын тигізетін кеселдерге барынша тосқауыл қоятын болдық.

Құрылтай мүшелері өткен жылғы жиында ішкі саясат саласын ретке келтіру туралы бастама көтерді. Тиісті құжатты әзірлеуге өздеріңіз белсене атсалыстыңыздар. Былтыр Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Енді осы құжатты басымдық ретінде қарап, белсенді түрде іске асыруымыз керек.

2-3-БЕТТЕРДЕ

ПАРАСАТ ИЕСІ



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында ел дамуына аянбай еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтарға мемлекеттік награда тапсырды. Олардың қатарында Қызылорда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев та бар. Ибадулла Дүйсенбайұлын Мемлекет басшысы «Парасат» орденімен марапаттады.

Ибадулла Дүйсенбайұлы – еңбек жолын мұғалім болудан бастап, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан, мемлекеттік қызметтің баспалдағынан өткен, іскер азамат. Қай саланы басқарса да жұмысты үйлестіре білген білікті маман, білімді басшы болған ол қалалық мәслихаттың бірнеше шақырылымында депутат, мәслихат хатшысы, төрағасы болды. Халық қалаулысы болу – елдің үні болу деген сөз. Бұл орайда, билік пен халық арасында алтын көпір орнатып, елдің мұңын тыңдап, қоғамдағы өзекті мәселені мінберлерде айтып ғана қоймай, шешімін табуына ұйытқы болуы оны халық қалаулысы атандырды. Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев бір сұхбатында: «Депутаттың ең үлкен міндеті – халықтың сөзін тыңдап қана қоймай, оны нақты іске асыру. Біз тұрғындардың мәселелерін жинақтап, оны шешу жолдарын ұсынамыз, бақылау жасаймыз. Шешім қабылдап, қол көтеру ғана емес, әлеуметтік нысандарды аралап, жағдайды өз көзімен көру, халықпен үнемі байланыста болу – депутаттық жұмыстың ажырамас бөлігі. Халық сенімін ақтау – біздің ең басты парызымыз. Халық та қоғамдағы өзекті мәселелердің тез шешілуін, бәрін ашық, әділ болғанын қалайды. Әділ қоғамда адал адамдар болып, адал еңбек етсе, еліміздің болашағы жарқын болады. Бұл – біздің ұрпақтың кейінгі ұрпаққа жасар ең басты міндеті», – деген еді.

Елге қызмет еткен ердің еңбегі бағаланып, кеудесіне «Парасат» орденін тақты. Бұл кейінгі буынға үлгі болар адал еңбектің бағасы екені даусыз.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Құрылтай – қазақ халқының тарихи жадында ел тағдыры таразыға түскен сәттерде ортақ ақылмен шешім қабылдайтын ұлы кеңес ретінде сақталған тағылымды дәстүр. Осы тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы ретінде Мемлекет басшысының төрағалығымен 2022 жылдан бері Ұлттық құрылтай тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бүгінде бұл алан халық асыға күтетін, ел дамуының өзекті бағыттары талқыланатын маңызды қоғамдық-саяси платформаға айналды.

V Ұлттық құрылтайдың Сыр өңірінде өтуінің символдық әрі саяси мәні зор. Себебі Қызылорда – ғасыр бұрын ел тағдырына қатысты шешімдер қабылданған, алғашқы астана болған қасиетті мекен. Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл тарихи ерекшелікке арнайы тоқталып, өңірдің ел тарихындағы орнына жоғары баға берді.

Бесінші құрылтай отырысында көтерілген мәселелер қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Ұлттық бірлікті нығайту, әділетті және жауапты мемлекет қалыптастыру, басқару тиімділігін арттыру секілді басымдықтар айқындалды. Президент өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оң өзгерістерді атап өтіп, бұл жетістіктер аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың жүйелі әрі табанды жұмысының нәтижесі екенін ерекше айтты.

Мемлекет басшысының білім, ғылым және жоғары технология саласына инвестицияны арттыру туралы пікірі – уақыт талабынан туындаған стратегиялық шешім. Адам капиталының сапасын арттырмайынша, елдің ұзақ мерзімді дамуы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігі қамтамасыз етілмейтіні анық. Осы тұрғыда цифрландыру және жасанды интеллект жылын жариялау – сән қуалау емес, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған нақты міндет деп



түсінуіміз керек. Президенттің «Таза Қазақстан» бастамасы да терең мазмұнға ие. Бұл – ұлттық сананы жаңғыртуға, қоғамда жауапкершілік пен тәртіп мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды идеологиялық бағдар. Тазалық – әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Қоршаған ортаға деген жауапкершілік көшеден емес, әр адамның өз ауласынан, өз үйінен басталуы қажет. Бұл қағидалың қоғам санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Құрылтайда қозғалған ең өзекті тақырыптардың бірі – парламенттік реформа. Мемлекет басшысы атап өткендей, биылғы жыл Қазақстанның болашағына тікелей ықпал ететін маңызды кезең болмақ. Бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастама ашық форматта, қоғамның белсенді қатысуымен талқыланып келеді. e-Otinish платформасы мен Egov порталында азаматтардың ұсыныс білдіруіне мүмкіндік берілуі – реформалардың халықпен бірге жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобына білікті заң-

герлердің, сарапшылардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйым өкілдерінің тартылуы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыра түседі. Қоғамда бұл бастамаға кең қолдау бар екені әлеуметтік сауалнамалар мен өңірлердегі кездесулер барысында да айқын аңғарылды. Сонымен қатар Президентіміз болашақ Парламентке «Құрылтай» атауын беру туралы ұсынысы – тарихи дәстүр мен қазіргі саяси реформалардың терең сабақтастығын көрсететін салмақты шешім. Құрылтай ұғымы – елдік мүддені ортақ ақылмен шешудің символы. Бұл атауды саяси жүйедегі маңызды институт ретінде бекіту ұлттық бірегейлікті нығайта түседі.

Депутаттар санына қатысты ұсыныстарда да айтылып, басты назар сапаға аударылды. Жұмыс тобы ұсынған 145 мандат, комитеттер мен басшылық құрылымын оңтайландыру – халықаралық тәжірибені ескерген байыпты кадам. Мәселе санында емес, ел мүддесін терең түсінетін, кәсіби әрі отаншыл тұлғалардың өкілді билікке келуінде екенін Мемлекет басшысы атап өтті.

Партияның Қызылорда облыстық филиалы ретінде біз Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтай алаңында көтерген бастамаларын саяси жаңғырудың қисынды жалғасы деп бағалаймыз. Бұл реформалар өкілді биліктің тиімділігін арттырып, азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысуын күшейтеді. Алдағы өзгерістер әділетті, ашық әрі жауапты Қазақстанды қалыптастыру жолындағы нақты нәтижелерге жеткізетініне сеніміміз мол.

Жандос БАЗАРТАЙ,
«АМАНАТ» партиясы
Қызылорда облыстық филиалының
төрағасы
«Құрмет» орденінің иегері

БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІ ҮНДЕГЕН ЖИЫН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың V отырысында «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең канат жайған» деген еді. Осы орайда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 1990 жылдан бері дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасы жұмыс істеп тұрғанын атап айтар едім. Қазір сол шәкірттер арасынан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері ғылым кандидаттары бар. Сыр бойындағы Жыраулар үйінде Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектеп, аудандық музыка мектептерінде де арнайы сыныптар ашылған. Сонымен бірге музыкалық колледжде де бөлім ашылды. Биыл менің үш шәкіртім PhD докторына түсті. Олар Күнсұлу Түрікпен, Акерке Дабылова, Малика Алдамжаров. Бұл өнердің тек орындаушылық қана емес ғылыми ағартушылық жолына бағыт алып келе жатқанын көрсетеді. Ұлттық құрылтай ел бірлігін бекемдеп, ұлесты ұйытып, халыққа береке мен бірлікті үндеген жиынға айналды. Құрылтайдан кейін елеулі саяси өзгерістер болатынына сенеміз.

Алмас АЛМАТОВ,
жырау,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

МЕРЕЙ

Ұлы Абайдың ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста деген үштік формуласы бүгінгі ғылым әлемінде кеңінен таныла бастаған EQ (Emotion Quality), яғни эмоциялық зердемен қатар SQ (Spirit Quality) – рухани интеллектіні де қамтиды. Әсілінде, адамның рухани байлығы болмаса, оның алған терең білімі де, мықты эмоциялық зердесі де толыққанды жұмыс істемейді. Яғни, SQ болмаса, IQ, EQ-дың пайдасы аз.

Абай он жетінші кара сөзінде ақыл, қайрат, жүректің айтқысына ғылымды төрелік еттіреді. Ғылым үшеуінің де жақсылық-жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынай келіп, олардың басын қосып, жүрекке билету керектігі жайында үкім етеді. Демек, Абай қазіргі ғылым тілімен атайтын SQ-ді – рухани интеллектіні, яғни жүректі, адамның адамды сүюін, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Олай болса, рухани жағынан бай адам ғана «Адамды сүйіп, Алланың хикметін сезе алады», адамға қалтқысыз, қатесіз қызмет ете алады, ұрпаққа дұрыс тәрбие бере алады. Ондай жандармен өмір нұрлана түседі. Сондай ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек иесі, қазақ лингвистикасында өзіндік орны бар ғалым ұстаз, филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, Қазақстан педагогикалық ғылымдар Академиясының мүше-корреспонденті Жәніс Сәдуақасұлы биыл 80 жасқа толып отыр.

Сыр елі өзінің ғылымдағы ғибратымен, өмірдегі өнегесімен алты алаштың рухани қазынасына қомақты үлес қосқан талай тегеурінді таланттарды, тұғырлы тарландарды берді. Жәніс ағай өзінің «Сағыншы сазды сырларым» атты өмірбаяндық-танымдық эссесінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған жылдың аяғында «Ұялы» аталатын Арал ауданына қарайтын балықшылар ұжымшарының «Жалпақ» деп аталатын кішкене аралығында балықшылар отбасында дүниеге келгенін жазды. Ол кезде осындай кішігірім мекенде дүниеге келген шынашақтай ұлдың ұлттың сөздік қорын, қазақтың «сөз құдіретін» (Р.Сыздық) жинақтап, зерттеп, ғылыми негіздеп, талдап, жүйелеп отыратын феномендік сипаты бар ғылым саласы – тіл білімінің нағыз жанашыры, зерттеушісі болатынын кім білген?!

Жәніс ағай 1964 жылы Қазалы станса-сындағы №420 орта мектепті бітіре сала, 1964-1967 жылдар аралығында Қазалы ауданы, «Қызылқұм» сөгізжылдық мектебінің мұғалімі болады. Ол кезде оқуға түсу арманға жетудің ғана жолы емес, қазақы ұғым тұрғысынан қарағанда, ел үмітін ақтап, адам болудың, өзінен кейінгі іні-бауырларына қамқорлық жасаудың, туған жерде өнегелі ұрпақ өсіп келе жатқанын дәлелдеудің бір үлгісі еді.

Осындай ел үміті мен ата-ана сенімін арқаалаған Жәніс Сәдуақасұлы 1967 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың филология факультетіне Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1971 жылы үздік бітіріп шығады. 1971-1979 жылдарда Қызылорда қаласындағы орта мектептерде мұғалім, директорлық оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарады. 1979 жылдың қыркүйегінен бастап пединституттың педагогика және психология кафедрасына оқытушы болып орналасады. Осы уақыттан



бастап, ғалымдық пен ұстаздық қызметінде тек биіктерге қарай өрлеу басталады.

Жәніс Сәдуақасұлы – кәсіби жолын мұғалім болып бастап, үлкен әріппен жазылатын ұстаз дәрежесіне жеткен тұлға,

ҒАЛЫМ ҰСТАЗ БЕЙНЕСІ

ұлағатты ұстаздық қызметін ғылыми жұмыстармен сәтті жалғастырған ғалым. Ғылым жолы қашан да талмас еңбек пен табандылықты қажет етеді. Ғылымға ғашық газиз жан филология ғылымдарының докторы, профессор М.Т.Томановтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын табысты қорғайды. Қызмет ете жүріп, 1989 жылдан бастап филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Есеновтің кеңесшілігімен докторлық ғылыми жұмысын бастайды. Нәтижесінде 1997 жылы «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері» тақырыбындағы докторлық диссертациясын жоғары деңгейде қорғап шығады.

Тіл білімінің қыры мен сырына үңілген шірек ғасырға тауа уақытта ғалымның қаламынан туған грамматика мәселелері, сөзжасам, сөйлеу мәдениеті, ономастика, аударма тілі, педагогика мәселелері, қазақ тілін оқытудағы мектеп пен институттың сабақтастығы, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу мәселелері, латын графикасына қатысты ой-толғаулар, тіл білімінің жана бағыттарына арналған қаншама ғылыми еңбектері ғылымға қосылған сүбелі жаңалық болып есептелініп, ғылыми көпшіліктің тәлім алар, тәжірибе алмастырар мұрасына айналды. Әсіресе, қазақ тілі біліміне қосқан 100-ден аса ғылыми мақалалары мен монография, оқулық, оқу құралы, сөздік сияқты сүбелі еңбектері бүгінгі таңда барша ғылыммен айналысып жүрген лингвистердің зерттеу еңбектерінің ғылыми дереккөздеріне негіз болуда. Олардың қатарында: Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің жақ категориясы, Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер,

Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері (оқу құралы), Тілдік талдау түрлері (әдістемелік құрал), Тілдік талдау практикаумы, Жіктік жалғау парадигмасы: синтаксистік және семантикалық қызметтері, жай сөйлемнің құрылымдық түрлері, қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар, Қазақ тілі мәселелері ғылыми-зерттеу, әдістемелік еңбектер мен мақалалар жинағы бар. Сонымен қатар енді жарыққа шығатын «Тілім – тірегім» (ғылыми мақалалар, сұхбаттар мен естеліктер) кітабы. Бұл ғылыми еңбектерінде ғалым тіл білімінің өзекті мәселелерімен қатар қоғамдық-мәдени өмірде орны ерекше саналатын, әсіресе сөйлем талдауда қиындық келтіретін фонетикалық, лексикалық талдау, сөзді морфемдік құрамына талдау, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік талдау, стильдік қателер, оларды болдырмау жолдары, мәтін талдау үлгілерінің практикалық жолдарын ұсынады. Сонымен қатар ғалымның Қадырғали Жалайырдидің «Жамиғ-ат тауарих» атты еңбегіндегі тілдік деректер жағын тереңдетіп, ондағы синтаксис мәселесіне ден қоюын да ерекше атауға болады. Үнемі ізденіс үстінде жүретін ғалым ұстаз 60-тан астам докторлық және кандидаттық диссертацияларға пікір білдірген. Ғалымның сарапшылық жасауымен 25 диссертациялық жұмыс қорғалған, тікелей

жетекшілігімен 1 аспирант кандидаттық, 20 магистрант диссертацияларын қорғаған.

«Ұлық болсаң, кішік бол» деген даналықты өмірінде бағдаршамына айналдырған Жәніс ағамыз ғылымдағы табыстарын өзінің ұстаздарының қажырлы еңбегінің жемісі деп бағалайды.

– Профессор Ә.Қоңыратбаевтың, ғылым кандидаттары Н.Жүнісов, М.Бимағамбетов, Н.Нұржанов, А.Шамшатова, Ә.Байжолотовтардың есімін ешқашан естен шығарған емеспін. Керісінше, шәкірттеріміздің алдында болсын, кездесулерде болсын, үнемі айтып та келемін, баспасөзде мақалалар жариялап та келемін. Қазіргі кезде өзімді өмірден өтіп кеткен осы ұстаздарымның кафедрадағы «көзімін» деп есептеймін, – деп тебіренеді ағай.

Демек, адамның өмірге келгендегі міндеті – басқалардан пайда көру емес, керісінше, айналасына қызмет етіп, пайдалы өмір сүру. Осыны толық түсінген кезде ғана ол шынайы бақытқа қол жеткізеді, көкірегі қуанышқа толады. Бұл жолда кездесетін қиыншылық пен сәтсіздікке мойымайды. Ұлы миссияны, яғни адамзатқа қызмет ету миссиясын орындау жолында бойына сарқылмайтын жігер мен алапат қуат ұялайды. Нәтижесінде ол сөзсіз жетістіктің тұғырынан көрінеді. Бүгінгі таңда 80 жасқа толып отырған Жәніс ағамыз сол жетістік мінберінде тұр.

Қадірлі аға, мерейлі жасыңыз құтты болсын, отбасыңызға береке мен бірлік, деніңізге саулық тілейміз. Ғылымда жаққан шырағыңыз мәңгілік өшпесін!

Күлдіріс САРЫШОВА,
ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры

А.Токмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Қызылорда қалалық ардагерлер ұйымының кезекті XIV есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Конференцияға қала әкімі Нұржан Ахатов, қалалық мәслихаттың төрағасы Ибадулла Құттықожаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Шакизат Төребаев қатысты.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ҚАДАМ БАСТЫ



Конференцияда қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Шакизат Төребаев қалалық ардагерлер ұйымының 2021-2025 жылдар аралығында атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Ол өз баяндамасында ардагерлер ұйымының қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуы, жастарға өнеге көрсетуі, бірлік пен тұрақтылықты нығайту бағытындағы жұмыстарды кеңінен жеткізді.

– Қалалық ардагерлер ұйымында жыл сайын еліміздің киелі, көрікті, тарихи жерлеріне саяхаттау дәстүрге айналған. Өткен жылы 42 ардагер Оқшы Ата, Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб кесенелеріне барып зиярат етті. Сонымен бірге 47 ардагер Байқоныр, Қорқыт Ата, Марал бабаға саяхат жасады. Ардагерлер Байқоныр космодром аймағындағы «Байқоныр космодромы» тарихи музейін аралады. Қорқыт

кеңесінің кезекті IX конференциясына делегаттар ұсынылды.

Конференцияда сөз сөйлеген шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы ардагерлер ұйымының қала өміріндегі орнын ерекше атап өтті. Сондай-ақ қаланың жан-жақты дамуы жолында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ардагерлерге алғысын білдірді.

– Ардагерлер ұйымы – қоғамдағы үлкен күш. Бірлік пен ынтымақты нығайту жолында аға буынның маңызы зор. Сондықтан сіздерге артылар сенім жоғары. Қазіргі таңда қаламызда 230-дан аса бастауыш ұйымға біріккен 35168 ардагер бар. Ардагерлерге республикалық бюджеттен зейнетақылары мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақылары төленуде. Мұнымен қоса, 1708 ардагер мен мүгедектерге түрлі әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. Мемлекеттік



Ата мен Марал бабаға зиярат еткен ардагерлер көптеген мәліметтермен таныс болды, – деді қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Шакизат Төребаев.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қалалық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясының есебі тыңдалды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жарысөзінде шығып сөйлеген делегаттар қалалық ардагерлер ұйымының атқарған жұмысына он баға беріп, өзекті ұсыныс-пікірлерді ортаға салды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қалалық ардагерлер ұйымының Пленум және Алқа құрамы сайланды. Алқа мүшелерінің дауыс беруі нәтижесінде қалалық ардагерлер ұйымының төрағалығына Өмірбек Шәменов, төраға орынбасарлығына Серікбек Жүсіп, жауапты хатшылығына Малика Ибадуллаева сайланды. Сондай-ақ облыстық ардагерлер

мерекелер қарсаңында сый-құрмет жасалып келеді, – деді Нұржан Ахатов.

Қала әкімі қалалық ардагерлер ұйымына жетекшілік жасап, өзінің сүбелі үлесін қосқан Шакизат Төребаевқа алғысын білдіріп, қаланың ең жоғарғы марапаты қала әкімінің «Құрмет грамотасын» табыстап, сый-сияпат көрсетті. Жанадан сайланған ұйым басшылығына сәттілік тіледі.

Конференцияны қорытындылаған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлы қала ардагерлерінің белсенділігіне жоғары баға берді. Сонымен қатар қаланың қоғамдық-саяси өмірінде белсенділік танытып жүрген бірқатар ардагерлерге «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» төбелгісі, Алғыс хаттар мен «Құрмет грамоталар» тапсырылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Стивен КЛАРК, «Asugate» ағылшын тілі мектебінің мұғалімі:

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТЫНЫШ, ҚАУІПСІЗ ҚАЛА ЕКЕНІН БАЙҚАДЫМ

Англиядағы Ланкашир университетінде ағылшын және орыс тілі мамандығы бойынша білім алып жүрген Стивен Кларкпен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Ол қазір Қызылорда қаласындағы «Asugate» ағылшын тілі мектебінде мұғалім боп жұмыс істейді. Шетелдік маманның қазақ еліндегі өмірі, алғаш келгендегі әсері туралы сұрадық.

– Қазақстанға қашан елдіңіз және әсеріңіз?


– Өткен жылдың қараша айында келдім. Алғаш келгенде Астанаға түскен едім, өте суық болды. Қала суық болса да, қонақжай, жүзі жылы жандар көп екен. Қазақ тілін білмегендіктен болар, қазақтар жылдам сөйлейтіндей көрінді. Сонымен бірге бірінші рет бұл елге келгенде халықтың көбі қара түсті киім кигені қызық көрінді. Бәлкім, қыс мезгілі болғандықтан шығар деп ойлаймын.

– Қазақтың тойына қатысып көрдіңіз бе? Ағылшындар отбасылық басқосудары қалай өткізеді?

– Әлеуметтік желіден қазақтардың тойын көрген едім. Ондағы 300-400 адам жиналатын тойларды елестете алмаймын. Бізде мұншама адам бас қосатын жыйндар бола бермейді. Ағылшындар отбасымен жиналғанда жақсы уақыт өткізу үшін көбіне ішімдік ішеді. Ал қазақтар онсыз да жиындарын көңілді өткізетінін байқадым.

– Қазақтарға ағылшын тілінен сабақ беріп жүрісіз, біздегі жастардың тіл үйренудегі қабілеті қалай екен?

– Негізінен бізге оқушылар ерекше ынта-жігермен келеді. Сол үшін де ағылшын тілін оңай меңгеріп кетеді екен. Жастар көбіне 2 тілді қатар білетінін байқады. Орыс



тілінің грамматикасы сәл де болсын ағылшын тіліне ұқсас болғандықтан болар, оқушылар үшін қиын емес екені байқадым.

– Қызылордада қай жерде уақыт өткізген ұнайды. Күнделікті тіршілік Ұлыбританиямен салыстырғанда қандай қала екен, қандай әсер қалдырды?

– Қаладағы адам көп жүретін орындарда болдым. Дегенмен өзіме орталық алаң және арбат көшесі ерекше ұнайды. Әсіресе жаңа жылда бұл көше сәнді безендіруімен керемет әсер қалдырды. Қала басшылары осы жерге көп қаржы жұмсағаны байқалды. Ағылшындар көшеде кез келген адаммен сөйлесіп кетеді, себебі мәдениет солай қалыптасқан. Шетелден келген қонақтарға қазақтар суық көрінуі мүмкін. Ал егер сөйлесіп, танысып кетсеңіз жанашыр, қонақжай екенін аңғаруға болады. Сонымен бірге Қызылорданың тыныш, қауіпсіз қала екенін байқадым. Таксиге мінгенде де, көшелерде жалғыз қорықпай жүруге болады. Ал Ұлыбританияда мұндай қауіпсіздік сезімі бола бермейді.

– Қазақ елінің ұлттық тағамдарынан қайсысы ұнады?

– Қазақтың ет тамағы, бауырсақ, самса, манти қатты ұнады. Алғаш рет жылқы етің де жеп көрдім. Сонымен бірге «Бидай» мейрамханасында наурызкөже іштім.

– Қазақстандықтар табыс табу үшін көбіне Ұлыбританияға барады. Сіздің осы жаққа келуіңіздің себебі неде?

– Бір жыл бұрын тіл үйренетін сайтқа орыс тілін үйрену үшін тіркелген болатынмын. Содан сол сайтта ағылшын тілін үйренуге қосылған қызылордалық қызбен таныстым. Бір-бірімізден тіл үйреніп жүріп, жақын сөйлесіп кеттік. Сол қыздың ұсынысымен сабақ беру үшін Қызылордаға ойламаған жерден келдім. Қазіргі таңда қазақ жастарына ағылшын тілін үйретіп жүрмін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Өңгімелескен Думан КЕҢШІЛІК

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3853 Тапсырыс №881

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК